

Жоғары қамқоршылық кеңестің
2013 жылғы 18 сәуірдегі № 2
шешімімен бекітілген

Жоғары қамқоршылық кеңестің
2014 жылғы 16 маусымдағы
№ 3 шешіміне сәйкес өзгерістер
енгізілді

Жоғары қамқоршылық кеңестің
2020 жылғы 5 тамыздағы №9
және 2023 жылғы 2 қазандағы №
11 сырттай отырыстарының
хаттамаларына сәйкес өзгерістер
енгізілді

**«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2013 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес «Назарбаев Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру жолымен құрылған.

1.2. Университет заңды тұлға болып табылады, құрылтайшыдан оқшауланған мүлікке ие болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуы, міндеттерді атқаруы, сотта талапкер және жауапкер болуы мүмкін.

1.3. Университеттің атауы:

1) қазақ тіліндегі толық атауы – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы, қысқартылған атауы – «Назарбаев Университеті»;

2) орыс тіліндегі толық атауы – Автономная организация образования «Назарбаев Университет», қысқартылған атауы – «Назарбаев Университет»;

3) ағылшын тіліндегі толық атауы – The autonomous organization of education «Nazarbayev University», қысқартылған атауы – «Nazarbayev University».

1.4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Университеттің құрылтайшысы болып табылады.

1.5. Университеттің қызметі академиялық еркіндік, білімнің, ғылым мен өндірістің интеграциясы, дербестік және өзін-өзі басқарушылық, шешімдер қабылдаудың алқалығы, әлеуметтік жауапкершілік пен ашықтық қағидаттарына негізделеді.

1.6. Университет білім беру бағдарламаларын өзі әзірлейді, білім беру қызметін ұйымдастыру, білім алушыларды оқуға қабылдау, олардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау тәртібін белгілейді.

1.7. Университет Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тысқары жерлерде филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы. Университеттің Алматы қаласында өкілдігі бар.

1.8. Университет өз құрылымын өзі қалыптастырады. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметтері Университеттің ішкі құжаттарымен айқындалады.

1.9. Университет Құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Құрылтайшы Университеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.10. Университеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53.

(1.10-тармақ Жоғары қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 2 қазандағы сырттай отырысының № 11 хаттамасына сәйкес жаңа редакцияда жазылды).

2. Университеттің мүлкі

2.1. Университеттің Заңға сәйкес қалыптасқан мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болады.

2.2. Университет өз мүлкін тек оны құру мақсатына қол жеткізу үшін ғана пайдаланады.

2.3. Университеттің мүлкіне Құрылтайшының мүліктік құқықтары жоқ.

2.4. Университет мүлкіне билік ету тәртібін Жоғары қамқоршылық кеңес айқындайды.

3. Университет қызметінің мақсаты мен мәні

3.1. Университеттің мақсаты болып табылатындар:

1) орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру және қолдау көрсету, зерттеулер нәтижелерін алға жылжыту;

2) білімге негізделген ұлттық экономиканың тұрақты дамуына және оны әртараптандыруға ықпал ететін білімді, ғылым мен өндірісті интеграциялау моделін құру;

3) оқу бағдарламаларын интернационалдау және әлемдік оқу орындарымен әріптестік қатынастар жасау арқылы заманауи білім беру жүйесін қалыптастыру;

4) білім алу мен зерттеулер үшін жағдайларды қамтамасыз ететін заманауи білім беру, ғылыми және технологиялық инфрақұрылымды құру;

5) интеграцияланған денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру және дамыту;

6) ғылыми зерттеулер нәтижелерінің коммерциялық дамуына ықпал ету;

7) Университеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясында көзделген өзге де мақсаттар.

3.2. Университет қызметінің мәніне:

1) білім беру, медициналық, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асыру;

2) білім және ғылым саласындағы инновациялық бағдарламаларды әзірлеуді, мониторингтеуді, зерттеуді, талдауды, байқап көруді, енгізу мен іске асыруды жүзеге асыратын эксперименттік алаң функцияларын орындау;

3) медициналық қызмет көрсету, медициналық білім беру және медициналық қызметкерлерді даярлау, сонымен қатар клиникалық зерттеулерді өткізу мүмкіндігі үшін Университеттің интеграцияланған денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде медициналық қызметті жүзеге асыру;

4) білім беру, медициналық, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік тапсырысты, мемлекеттік тапсырманы орындауға қатысу;

5) экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейтін ғылыми-педагогикалық кадрларды, қызметкерлерді, мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

6) оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және арнайы әдебиетті әзірлеу және жариялау;

7) зерттеулер нәтижелері мен арнайы әдебиетті жариялау, Университеттің зияткерлік меншігін дамыту;

8) Университеттің инфрақұрылымын әлемдік деңгейдегі ғылыми-білім беру кешені ретінде құру, дамыту және оның тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

9) Университеттің тіршілік әрекетін ұйымдастыру, оның ішінде білім алушылар мен Университет қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, сонымен қатар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерінің қатысуымен мәдени, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу;

10) білім және ғылым саласында, жоғары оқу орнының тіршілік әрекетін ұйымдастыру саласында консультациялық қызметтер көрсету;

11) Университеттің зияткерлік-инновациялық кластерінің жана білімдер мен инновациялардың жасап шығарылуына, Университеттің ғылыми зерттеулерінің нәтижелері мен өнімдерін коммерцияландыруға, инновациялық өнім өндірісіне, білім беру, ғылым және бизнестің бірігуіне, тың технологиялардың трансфертіне, ғылымға негізделген және жоғары технологиялы компаниялардың дамуына ықпал ететін элементтерін дамыту арқылы инновациялық орта құру;

12) Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерінің кәсіби дамуына және ғылыми қызметіне ықпал ету;

13) Университет өз мақсатына жету үшін жүзеге асыратын өзге де қызмет түрлері кіреді.

4. Университеттің органдары

4.1. Университеттің органдары болып табылатындар:

- 1) жоғары басқару органы – Жоғары қамқоршылық кеңес;
- 2) басқару органы – Қамқоршылық кеңес;
- 3) атқарушы орган (алқалық) – Басқарушы кеңес;
- 4) академиялық (білім беру) қызмет мәселелері жөніндегі орган – Академиялық кеңес;
- 5) ғылыми қызмет мәселелері жөніндегі орган – Ғылыми кеңес;
- 6) Қамқоршылық кеңес комитеттерінің жанындағы органдар;
- 7) Қамқоршылық кеңестің алдын ала келісімі бойынша Басқарушы кеңестің шешімімен құрылатын өзге де органдар.

4.2. Осы Жарғыға, Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университетте Қамқоршылық кеңестің келісімінсіз консультациялық-кеңесші органдар құрылады.

5. Жоғары қамқоршылық кеңес

5.1. Жоғары қамқоршылық кеңес Университеттің жоғары басқару органы болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті немесе

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын адам Жоғары қамқоршылық кеңестің төрағасы болып табылады.

(5.1-тармақ Жоғары қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 2 қазандағы сырттай отырысының № 11 хаттамасына сәйкес жаңа редакцияда жазылды).

5.2. Жоғары қамқоршылық кеңестің құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, олардың шешімдерді қабылдау тәртібі Заңда, сондай-ақ Жоғары қамқоршылық кеңестің төрағасы бекітетін Жоғары қамқоршылық кеңес туралы ережеде айқындалады.

(5.2-тармақ Жоғары қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 2 қазандағы сырттай отырысының № 11 хаттамасына сәйкес жаңа редакцияда жазылды).

6. Қамқоршылық кеңес

6.1. Қамқоршылық кеңес Университеттің қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын Университеттің басқару органы болып табылады. Қамқоршылық кеңесті Жоғары қамқоршылық кеңес жасақтайды.

6.2. Қамқоршылық кеңес қызметінің тәртібі осы Жарғы, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес туралы ереже бойынша реттеледі. Қамқоршылық кеңес туралы ереже отырыстарда дауыс беру және шешім қабылдау, төрағаны сайлау, Қамқоршылық кеңестің комитеттерін құру, жұмыс органы – Қамқоршылық кеңес хатшылығы қызметінің тәртібін, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес қызметінің өзге де мәселелерін анықтайды.

6.3. Университет Президентін санамағанда, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

6.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны кемінде 7 (жеті), бірақ 21 (жиырма бірден) аспайтын адамнан құрылуы тиіс.

6.5. Университет Президенті өзі атқарып отырған лауазымына және мерзіміне қарай Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылады.

6.6. Қамқоршылық кеңестің құрамына Заңға сәйкес құрылтайшының өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен өзге де тұлғалар тағайындалуы мүмкін.

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 3 шешіміне сәйкес 6.7-тармақ жаңа редакцияда жазылды).

6.7. Қамқоршылық кеңес мүшелері Қамқоршылық кеңес құрамына қайта сайлануы мүмкін.

6.8. Қамқоршылық кеңестің мүшесі қайтыс болған, отставкаға кеткен немесе Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, Қамқоршылық кеңестің осы бос лауазымға орналастыруға тандап алынған мүшесі Қамқоршылық кеңестің кеткен мүшесі өкілеттігін жүзеге асырудың қалған мерзіміне тең мерзімге тағайындалады. Кез келген келесі толық мерзімге қайта сайлау алдағы уақытта қайта тағайындау құқығын айқындау мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшесі өкілеттігінің алғашқы толық мерзімі деп есептеледі.

6.9. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу үшін кворум Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

6.10. Егер осы Жарғыда, Қамқоршылық кеңес туралы ережеде өзгеше көзделмесе, Қамқоршылық кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

6.11. Қамқоршылық кеңес туралы ереже, оған кез келген толықтырулар және/немесе өзгерістер Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері санынан кемінде төрттен үш мөлшеріндегі көпшілік дауыспен қабылданады.

6.12. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің дауысын екінші мүшеге немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

6.13. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыса алмаса, ол күн тәртібі бойынша жазбаша пікірін жолдау жолымен дауыс беруге құқылы.

6.14. Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасымен немесе Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысының шешімімен ресімделеді және Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысының қолдары қойылады.

6.15. Қамқоршылық кеңестің шешімдері осы Жарғыға, Қамқоршылық кеңес туралы ережеге сәйкес сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін.

6.16. Сырттай дауыс беру Қамқоршылық кеңес төрағасының, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің немесе Университет Президентінің бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс Қамқоршылық кеңестің төрағасына жазбаша нысанда енгізіледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелерді қамтуы тиіс.

6.17. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша материалдар Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап он күннен кешіктірмей жіберіледі (таратылады).

6.18. Бюллетень дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күнін; дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелерді; мәселелер бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқаларын, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес туралы ережеге сәйкес өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

6.19. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Бюллетень түпнұсқада, электрондық және факс түрінде берілуі немесе қабылдануы мүмкін.

6.20. Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру берумен отырысқа қатысып отырған мүшелердің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттар сақталмай-ақ, Жоғары қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен сайлануы немесе лауазымынан босатылуы мүмкін.

(6.20-тармақ Жоғары қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 2 қазандағы сырттай отырысының № 11 хаттамасына сәйкес жаңа редакцияда жазылды).

6.21. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді, сондай-ақ осы Жарғыда және Қамқоршылық кеңес туралы ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы өзінің Қамқоршылық кеңестің төрағасы ретіндегі өкілеттіліктерін Қамқоршылық кеңестің өзге мүшесіне тапсыруға құқылы.

6.22. Қамқоршылық кеңестің хатшысын Қамқоршылық кеңес тағайындайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес Хатшылығының жұмысын ұйымдастырады және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

6.23. Қамқоршылық кеңес комитеттерді құра алады.

6.24. Қамқоршылық кеңестің құзыретіне:

1) Университеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын (стратегиялық жоспарлары мен даму жоспарлары) жүзеге асыру жоспарларын бекіту;

2) Университет Президентін сайлау, мерзімнен бұрын өкілеттігін тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек төлемі мен сыйлықақы беру талаптарын бекіту;

3) Басқарушы кеңестің сан жағынан құрамын айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 21 қарашадағы сырттай отырысының №12 хаттамасына сәйкес 3) тармақша жаңа редакцияда жазылды).

4) Провосттың, Атқарушы Вице-президенттің, Бас заң кеңесшісінің, Вице-президенттердің, Вице-Провосттардың, мектептер Декандарының лауазымдық жалақысының жоғарғы және төменгі шегін бекіту;

5) Университет Президентінен басқа, Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидатураларды ұсыну;

6) Университеттің жылдық және орта мерзімді бюджеттерін бекіту;

7) бюджеттеу ережелерін бекіту;

8) Университеттің есеп саясатын бекіту;

9) Университеттің жылдық қаржылық, оның ішінде шоғырландырылған есептілігін бекіту;

10) Басқарушы кеңес бекітетін тізім бойынша Университеттің әкімшілік шығыстарының лимиттері мен нормаларын бекіту;

11) Басқарушы кеңес туралы, Қамқоршылық кеңес комитеттері туралы және Қамқоршылық кеңес комитеттері жанындағы органдар туралы ережелерді бекіту;

12) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту;

- 13) ішкі аудитті ұйымдастыру тәртібін бекіту;
- 14) дәреже беретін бағдарламалар бойынша оқу төлемі мөлшерін бекіту;
- 15) білім туралы құжаттардың бірыңғай нысаны мен оларды толтыру тәртібін бекіту;
- 16) ірі мәмілелер критерийлерін бекіту;
- 17) Университеттің мүдделер қайшылығы қарастырылатын мәмілелер мен ірі мәмілелер жасауын мақұлдау;
- 18) Басқарушы кеңес пен Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне қатысты мүдделер қайшылығы бойынша Университеттің саясатын бекіту;
- 19) Университеттің аса бағалы жылжымалы мүлік тізбесін бекіту;
- 20) Университеттің басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешімдер қабылдау;
- 21) коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органының немесе заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзіреті шеңберінде Университет құрған коммерциялық емес ұйымдарды немесе акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) Университет ие болатын заңды тұлғаларды тарату немесе қайта құру туралы шешімдер қабылдау;
- 22) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызына Университет ие болатын заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алудан басқа, өзге заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) Университеттің сатып алуы туралы шешімдер қабылдау;
- 23) акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) Университет ие болатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) билік ету туралы шешімдер қабылдау;
- 24) Университеттің мектептері мен колледждерін құру, тарату немесе қайта құру туралы шешімдер қабылдау;
- 25) Университеттің стратегиялық әріптестерін іріктеу критерийлерін бекіту;
- 26) Университеттің штат санын бекіту;
- 27) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Қамқоршылық кеңес туралы ережеге және Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімдеріне сәйкес өзге де өкілеттіктер жатады.
- 28) ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту.

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 21 қарашадағы сырттай отырысының №12 хаттамасына сәйкес 28) тармақшамен толықтырылды).

6.25. Қамқоршылық кеңес Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

6.26. Осы баптың 6.24-тармағының 1) -6) тармақшаларында белгіленген өкілеттіктерді қоспағанда, Қамқоршылық кеңес өзінің өкілеттіктерін Басқарушы кеңеске, Университеттің Президентіне, Қамқоршылық кеңестің комитеттеріне беруге құқылы.

7. Басқарушы кеңес

7.1. Басқарушы кеңес Университеттің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Университеттің алқалы атқарушы органы болып табылады.

7.2. Басқарушы кеңес Университеттің Жоғары қамқоршылық кеңесі мен Қамқоршылық кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, Қамқоршылық кеңеске есеп береді және олардың алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауап береді.

7.3. Басқарушы кеңестің қызметін ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ Басқарушы кеңес қызметінің өзге де мәселелері, оның ішінде Басқарушы кеңес мүшелерінің еңбек мәселелері осы Жарғыда, Басқарушы кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында реттеледі.

7.4. Басқарушы кеңес туралы ережені Қамқоршылық кеңес бекітеді.

7.5. Университет Президенті, Провост, Атқарушы Вице-президент, Бас заң кеңесшісі, Студенттік істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президент(тер), Медицина жөніндегі вице-президент және осы Жарғыға, Басқарушы кеңес туралы ереже мен Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Басқарушы кеңестің мүшесі ретінде Қамқоршылық кеңес тағайындаған Университеттің басқа да лауазымды тұлғалары Басқарушы кеңестің мүшелері болып табылады.

7.6. Басқарушы кеңес осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен, осы Жарғымен және Университеттің ішкі құжаттарымен Университеттің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Университет қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға, Университеттің ішкі құжаттарын бекітуге құқылы.

7.7. Университеттің Академиялық кеңесінің, Ғылыми кеңесінің немесе басқа да органдарының немесе басқа да лауазымды тұлғаларының құзыретіне жататын мәселе бойынша уақытылы шешім қабылдау мүмкін емес болған жағдайда, Басқарушы кеңес Университеттің тиісті органы немесе лауазымды тұлғасы жаңа шешімді қабылдағанға немесе жаңа ішкі құжатты бекіткенге дейін әрекет ететін сондай мәселе бойынша шешім қабылдауға немесе Университеттің тиісті ішкі құжатын бекітуге құқылы. Басқарушы кеңес шешім қабылдаған немесе ішкі құжатты бекіткен соң осындай шешім немесе ішкі құжат мейлінше аз уақыт ішінде Университеттің тиісті органына немесе лауазымды тұлғасына қарауға берілуі тиіс.

7.8. Басқарушы кеңестің отырысын өткізу үшін кворум Басқарушы кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

7.9. Басқарушы кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Егер осы Жарғыда, Басқарушы кеңес туралы ережеде өзгеше көзделмесе, Басқарушы кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

7.10. Дауыстар саны тең болғанда, Басқарушы кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7.11. Университеттің Басқарушы кеңесінің құзыретіне:

1) Университеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын (стратегиялық жоспарлары мен даму жоспарларын) жүзеге асыру жоспарының жобасын,

сондай-ақ Академиялық және/немесе Ғылыми кеңестермен алдын ала келісілген тиісті өзгерістерді (толықтыруларды) әзірлеу және Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну;

2) Академиялық және/немесе Ғылыми кеңестермен алдын ала келісілген Университеттің стратегиялық әріптестерін іріктеу критерийлері жобасын әзірлеу және Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну;

3) Қамқоршылық кеңес бекіткен іріктеу критерийлеріне сәйкес Университеттің стратегиялық әріптестерін бекіту;

4) жылдық және орта мерзімді бюджет жобалары мен Қамқоршылық кеңес бекітетін өзге де құжаттарды Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну;

5) Университеттің штат санын әзірлеу және Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну;

6) Қамқоршылық кеңестің қарауына ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу;

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 21 қарашадағы сырттай отырысының №12 хаттамасына сәйкес 6) тармақша жаңа редакцияда жазылды).

7) Университеттің әлеуметтік саясатын бекіту;

8) Қамқоршылық кеңес тағайындайтын лауазымды тұлғалардың еңбек қатынастарын реттейтін құжаттарды және осы Жарғы мен Университеттің ішкі құжаттарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Университет қызметкерлерінің еңбек қатынастарын, оның ішінде көтермелеу шараларын, тәртіптік жазаларды қолдануды реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

9) Университет Президентінің Офисін қоспағанда, Университеттің әкімшілік құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту;

10) Академиялық және Ғылыми кеңестер туралы ережелерді бекіту;

11) Университеттің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

12) Академиялық кеңестің және/немесе Ғылыми кеңестің ұсыныстарына сәйкес орталықтарды, институттарды, зертханаларды, кітапханалар мен мұражайларды құру, тарату немесе қайта құру туралы шешімдер қабылдау;

13) Университеттің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау, олардың жұмысын үйлестіру және бағыттау;

14) Қамқоршылық кеңестің құзіретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Университет құрған коммерциялық емес ұйымдардың жоғары басқару органының немесе акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) Университет ие болатын заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзіретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

15) өз құзыреті шегінде Университеттің барлық қызметкерлеріне орындау үшін міндетті шешімдерді қабылдау;

16) осы Жарғыға және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Жоғары қамқоршылық кеңес, Қамқоршылық кеңес, Университеттің өзге де органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзіретіне жатпайтын, Университеттің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту және/немесе шешімдер қабылдау;

17) осы Жарғыға, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің шешімдеріне, Басқарушы кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктер жатады.

7.12. Басқарушы кеңес өз өкілеттігін Университет Президентіне, Провостқа және/немесе Атқарушы Вице-президентке және Басқарушы кеңестің өзге де мүшелеріне беруге құқылы.

8. Университет Президенті

8.1. Университет Президенті Университеттің атқарушы органының басшысы (Басқарушы кеңестің төрағасы) болып табылады, сондай-ақ осы Жарғыда, Басқарушы кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

8.2. Университет Президентінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда, Басқарушы кеңес туралы ережеде, сондай-ақ оның еңбек шартында айқындалған. Университет атынан Президентпен жасалған еңбек шартына Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе осыған Қамқоршылық кеңес уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

8.3. Университет Президенті:

1) Басқарушы кеңесті басқарады, оның отырыстарын шақырады және оның жұмысын ұйымдастырады;

2) Университеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясын (стратегиялық жоспарлары мен даму жоспарларын) Университеттің жасауы мен іске асыруына басшылықты жүзеге асырады;

3) барлық мемлекеттік органдарда, мемлекеттік және басқа, оның ішінде шетелдік ұйымдарда Университет қызметінің барлық мәселелері бойынша Университеттің мүддесін білдіреді;

4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Университет атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде Университет атынан мәмілелер жасайды;

5) үшінші тұлғалармен қатынастарда Университет атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

6) Университеттің банктік және басқа да шоттарын ашады;

7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарушы кеңес мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарушы кеңес мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясын және жауапкершілікті бөледі;

9) бұйрықтар, өкімдер шығарады, оның құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды бекітеді;

10) сот істерінің, даулардың қаралуына немесе төрелік сот істерінің қаралуына бастамашылық етуді немесе оларды реттеуді мақұлдайды;

11) білім алушылардың құрамынан шығару туралы шешім қабылдайды;

12) Провосттың, Атқарушы Вице-президенттің, Бас заң кеңесшісінің, Студенттік істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президенттің(тердің), Медицина жөніндегі вице-президенттің лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек төлемі талаптарын белгілейді;

13) өзге Вице-президенттерді, мектептер декандарын, Вице-проректорларды, ғылыми-зерттеу орталықтарының директорларын және басқарушы директорларды қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, олардың лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек төлемі мен сыйлықақы беру талаптарын белгілейді және олармен еңбек шарттарын жасасады;

14) білім алушыларға, оқытушы-профессорлар құрамына және өзге де академиялық персоналға тәртіптік жаза қолдану стандарттары мен тәртібін бекітеді;

15) осы Жарғыда, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің, Басқарушы кеңестің шешімдерінде және Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8.4. Университет Президенті өз өкілеттігін Проректорға, Университеттің Атқарушы Вице-президентіне, Университеттің басқа органдарына және/немесе лауазымды тұлғаларына беруге құқылы.

8.5. Университет Президенті Университет Президентінің жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы. Осындай органдардың құрылу мақсаты, қалыптастыру тәртібі, оның мүшелерінің құрамы мен өкілеттік мерзімі Университет Президенті бекітетін осы органдар туралы ережелерде айқындалады.

9. Провост

9.1. Провост осы Жарғыға және Университеттің басқа ішкі құжаттарына сәйкес академиялық және ғылыми-зерттеу қызметін басқаруға уәкілетті етілген Университеттің бас академиялық лауазымдық тұлғасы болып табылады.

9.2. Провост барлық мәселелер бойынша Университеттің Президентіне есеп береді және оның басшылығымен әрекет етеді. Провост:

1) Академиялық кеңес бекітетін академиялық құжаттардың (саясаттардың) іске асырылуына бақылау жүргізеді;

2) Ғылыми кеңес бекітетін ғылыми және/немесе ғылыми-зерттеу құжаттарының (саясаттарының) іске асырылуына бақылау жүргізеді, оның ішінде ғылыми-зерттеу гранттарын беруді жүзеге асырады;

3) құрмет дәрежелерінен (атақтардан) басқа, академиялық дәрежелердің (атақтардың) тағайындалуын бекітеді;

4) Академиялық кеңес бекіткен қабылдау (алу), ауыстыру және оқуды аяқтау бойынша стандарттарды бекіту туралы түпкілікті шешімді қабылдайды, және оларды Басқарушы кеңеске қорытынды алу үшін ұсынады;

5) Академиялық кеңес бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес, білім алушыларды қабылдау (алу), ауыстыру және оқуды аяқтау мәселелері бойынша түпкілікті шешім қабылдайды;

6) білім алушылар құрамына қабылдау мен білім алушылар құрамынан шығару бойынша жетекшілік етеді;

7) Университет Президентіне Университеттің білім алушылары құрамынан шығару туралы ұсыныстар береді;

8) Академиялық кеңес қабылдаған құжаттарға (саясаттарға) сәйкес сапаны қамтамасыз ету бойынша бағдарламалардың жасалуына және іске асырылуына бақылау жүргізеді;

9) қабылдауды, ауыстыруды, жұмыстан шығаруды жүзеге асырады және академиялық және әкімшілік-академиялық персоналмен еңбек шарттарын жасайды;

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 16 маусымдағы №3 шешіміне сәйкес 9) тармақша жаңа редакцияда жазылды).

10) академиялық және әкімшілік-академиялық персонал бөлігінде штат кестесінің мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

(Жоғарғы қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 16 маусымдағы №3 шешіміне сәйкес 10) тармақша жаңа редакцияда жазылды).

11) осы Жарғыға, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің және/немесе Университет Президентінің шешімдеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9.3. Провост Академиялық және Ғылыми кеңестердің төрағасы және дауыс беру құқығы бар мүшесі болып табылады.

9.4. Академиялық істер бойынша Вице-провост және/немесе Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша Вице-провост және Провост Офисінің өзге де тұлғалары Провостқа оған жүктелген функцияларды атқаруда қолдау көрсетеді.

9.5. Провост Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провостқа және/немесе Ғылыми-зерттеу жұмыс жөніндегі вице-провостқа өз өкілеттігін беруге құқылы.

9.6. Университет Провосты Университет Провостының жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы. Осындай органдардың құрылу мақсаты, қалыптасу тәртібі, оның мүшелерінің құрамы мен өкілеттік мерзімі Университет Провосты бекітетін осы органдар туралы ережелерде айқындалады.

10. Университеттің Атқарушы Вице-президенті

10.1. Университеттің Атқарушы Вице-президенті осы Жарғыға, Басқарушы кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес ағымдағы, әкімшілік мәселелер, инфрақұрылым мәселелері, сондай-ақ басқа академиялық емес мәселелер бойынша басқаруды жүзеге асырады.

10.2. Университеттің Атқарушы Вице-президенті барлық мәселелер бойынша Университет Президентіне есеп береді және оның басшылығымен әрекет етеді. Университеттің Атқарушы Вице-президенті:

1) сатып алу, бюджет және салық қатынастары саласындағы қызметті үйлестіреді және бақылауды жүзеге асырады;

2) Университеттің жылдық және орта мерзімді бюджетін дайындау мен іске асыруды жүзеге асырады;

3) Университеттің әкімшілік персоналының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

4) мектептердің және ғылыми-зерттеу орталықтарының бас операциялық (қаржы жөніндегі) директорларын тағайындайды;

5) басқарушы директорларды қоспағанда, әкімшілік персоналды қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады және олармен еңбек шарттарын жасасады;

6) осы Жарғыға, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің және/немесе Университет Президентінің шешімдеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10.3. Университеттің Атқарушы Вице-президенті Университеттің басқа Вице-президентіне, органына немесе лауазымдық тұлғасына өз өкілеттігін беруге құқылы.

10.4. Университеттің Атқарушы Вице-президенті Университет Вице-президентінің жанында консультативтік-кеңесші органдарды құруға құқылы. Осындай органдардың құрылу мақсаты, қалыптастыру тәртібі, оның мүшелерінің құрамы мен өкілеттік мерзімі Университеттің Атқарушы Вице-президенті бекітетін осы органдар туралы ережелерде айқындалады.

11. Университеттің Вице-президенттері

11.1. Медицина жөніндегі вице-президент интеграцияланған денсаулық сақтау жүйесінің, медициналық ғылыми-зерттеу бағдарламаларының, медициналық білімнің дамуына және қызметіне, сондай-ақ Университетте медициналық қызмет көрсетуге бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар Медицина жөніндегі вице-президент осы Жарғыға, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің және/немесе Университет Президентінің шешімдеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қосымша өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асырады.

11.2. Студенттік істер жөніндегі вице-президент академиялық емес студенттік мәселелерге, оның ішінде білім алушыларға жеңілдіктер, жәрдемақылар беру және қызмет көрсету, спортпен айналысу, студенттік үкімет, студенттік ұйымдар, кәсіптік бейімдеу және жұмысқа орналастыру, түлектермен қарым-қатынастар және студенттік өмірге қатысты мәселелер бойынша Университеттің дамуына және қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Студенттік істер жөніндегі вице-президент осы Жарғыға, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің және/немесе Университет Президентінің шешімдеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асырады.

11.3. Университет Президентінің шешімі бойынша Университеттің құрылымында Вице-президенттердің қосымша лауазымдары құрылуы мүмкін.

12. Академиялық кеңес

12.1. Академиялық кеңес осы Жарғыға, Академиялық кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес білім беру мен оқытуға, академиялық сапамен қамтамасыз етуге, академиялық басқаруға және оқытушы-профессорлар құрамын басқаруға қатысты барлық академиялық мәселелер бойынша саясатты қалыптастыратын негізгі орган болып табылады.

12.2. Провост Академиялық кеңестің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын өткізеді, сондай-ақ осы Жарғыда, Академиялық кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

12.3. Академиялық кеңестің құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі, өкілеттік мерзімі, сондай-ақ оның мүшелерінің мәртебесі осы Жарғыда, Академиялық кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында айқындалады.

12.4. Академиялық кеңестің құзыретіне:

1) білім алушыларды қабылдау (алу), ауыстыру және оқуды аяқтау бойынша стандарттарды алдын-ала бекіту;

2) академиялық бағдарламаларды бекіту;

3) Университет деңгейінде академиялық сапаны қамтамасыз ету жүйесін құру, жетілдіру бойынша Университеттің ішкі құжаттарын бекіту және оны іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;

4) академиялық процесті ұйымдастыру бойынша Университеттің ішкі құжаттарын бекіту;

5) академиялық бұзушылықтардың стандарттары мен анықтамаларын әзірлеу және бекіту;

6) Университеттің академиялық құраушы элементтері туралы ережелерді бекіту;

7) білім алушыларға, оқытушы-профессорлар құрамына және өзге де академиялық персоналға тәртіптік жаза қолдану стандарттары мен тәртібін әзірлеу және оларды Президенттің бекітуіне ұсыну;

8) Академиялық кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университеттің академиялық қызметіне байланысты өзге де әрекеттерді жүзеге асыру жатады.

12.5. Қажет болған жағдайда Академиялық кеңес өзінің функцияларын орындау үшін кіші комитеттер құруға құқылы.

12.6. Академиялық кеңестің отырысын өткізу үшін кворум Академиялық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

12.7. Академиялық кеңестің отырысында қатысушылардың көпшілік дауысын жинаған ұсыныс Академиялық кеңеспен қабылданған болып саналады. Қалыс қалғандардың дауыстары Академиялық кеңестің шешімдерін қабылдауға қажетті дауыстар санын есептеуде ескерілмейді.

13. Ғылыми кеңес

13.1. Ғылыми кеңес осы Жарғыға, Ғылыми кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университеттің ғылыми және академиялық зерттеулеріне қатысы бар барлық мәселелер бойынша Университеттің саясатын қалыптастыратын негізгі орган болып табылады.

13.2. Провост Ғылыми кеңестің дауыс беру құқығы бар мүшесі және оның төрағасы болып табылады. Провост Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын өткізеді, сондай-ақ осы Жарғыда, Ғылыми кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

13.3. Ғылыми кеңестің құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімі және мәртебесі осы Жарғыда, Ғылыми кеңес туралы ережеде және Университеттің ішкі құжаттарында айқындалады.

13.4. Ғылыми кеңестің құзыретіне:

1) зерттеулерге ішкі университеттік қолдау көрсету стандарттары мен рәсімдерін, сыртқы және ішкі сараптаманы тартуды, зерттеу нәтижелерін қарауды қоса алғанда, Университет деңгейінде ғылыми-зерттеу жұмысын қолдау мен сараптау; зияткерлік меншік құқығын, технологияларды дамыту мен коммерцияландыруды; тиісті есептілікті (есепті) жүргізу мәселелері бойынша ережелерді бекіту және бақылауды жүзеге асыру;

2) ғылыми-зерттеу қызметіндегі стандарттарды және бұзушылықтардың анықтамаларын әзірлеу және бекіту;

3) ғылыми-зерттеу этикасына қатысты стандарттарды, хаттамаларды әзірлеу және бекіту және рәсімдерді қарастыру;

4) Университеттің, оның ғылыми-зерттеу орталықтары зерттеушілерінің атақтары үшін стандарттар мен біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

5) Ғылыми кеңес туралы ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университеттің ғылыми қызметіне, ғылыми және академиялық зерттеулеріне байланысты өзге де әрекеттерді жүзеге асыру жатады.

13.5. Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңес өзінің функцияларын орындау үшін кіші комитеттерді құруға құқылы.

13.6. Ғылыми кеңестің отырысын өткізу үшін кворум Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

13.7. Ғылыми кеңестің отырысында қатысушылардың көпшілік дауысын жинаған ұсыныс Ғылыми кеңеспен қабылданған болып саналады. Қалыс қалғандардың дауыстары Ғылыми кеңестің шешімдерін қабылдауға қажетті дауыстар санын есептеуде ескерілмейді.

14. Мектептер

14.1. Мектептер негізгі міндеті (функциясы) оқыту, білім беру және зерттеулер жүргізу болып табылатын Университеттің академиялық құраушы элементі болып табылады.

14.2. Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әрбір мектеп мына мәселелер бойынша жауапкершілік атқарады және өкілеттікті жүзеге асырады:

1) мектепті басқару жүйесін жүзеге асыру;
2) мектеп шеңберінде білім беру қызметтерінің көрсетілуіне бақылау жүргізу;

3) Университет деңгейінде бекітілген қағидалар шеңберінде оқытушылық, ғылыми-зерттеу қызметтерінің, қызмет көрсетудің академиялық сапасының, сондай-ақ академиялық сапамен қамтамасыз ету жүйесін құру мен қызмет етуінің стандарттарын анықтау;

4) Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес мектепте академиялық еркіндікке, оқытушы-профессорлар құрамы, білім алушылар мен қызметкерлердің арасында идеялармен еркін алмасуға қолдау көрсетуге бағытталған саясатты және рәсімдерді белгілеу.

14.3. Декан осы Жарғыға, Университеттің ішкі құжаттарына, сондай-ақ Жоғары қамқоршылық кеңес және Қамқоршылық кеңес бекіткен құжаттарға сәйкес мектептің басшысы болып табылады және білім беру қызметтерін көрсету, ғылыми-зерттеу жұмысы, мектепті ұйымдастыру және басқару үшін жауапты болып табылады.

14.4. Декан мектептің бекітілген бюджетінде операциялық шығыстар бөлігін басқару бойынша өкілетті және жауапты болып табылады және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қаржы жылының қорытындылары бойынша оның жұмсалуды туралы есеп береді.

15. Ғылыми-зерттеу орталықтары

15.1. Ғылыми-зерттеу орталықтары негізгі міндеті (функциясы) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу болып табылатын Университеттің құраушы элементі болып табылады.

15.2. Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әрбір ғылыми-зерттеу орталығы келесі мәселелер бойынша жауапкершілік атқарады және өкілеттікті жүзеге асырады:

1) ғылыми-зерттеу орталығын басқару жүйесін іске асыру;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық және/немесе инновациялық қызметтің жүзеге асырылуын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жүргізілуін бақылау;

3) Университет деңгейінде бекітілген қағидалар шеңберінде ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асырудың, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізудің сапасының, сондай-ақ сапамен қамтамасыз ету жүйесін құру мен қызмет етуінің стандарттарын анықтау;

4) ғылыми-зерттеу орталығында зияткерлік еркіндікке ықпал ететін ортаны қамтамасыз ету үшін саясат пен тәртіпті орнату.

16. Университеттің Комитеттері

16.1. Университеттің Комитеттері Басқарушы кеңес жанындағы консультативтік-кеңесші органдар болып табылады. Университеттің тұрақты қызмет ететін комитеттері Бюджет және инфрақұрылым жөніндегі комитет, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет және Адами ресурстар жөніндегі комитет болып табылады. Университеттің әрбір тұрақты қызмет ететін комитетінің құрамына Университеттің академиялық және өзге де құрылымдық бөлімшелерінен өкілдердің шамамен тең саны кіруі тиіс.

16.2. Университеттің ішкі құжаттарына, Университеттің комитеті туралы ережеге сәйкес Университет Комитетінің құрамы мен оның төрағасын Академиялық кеңестің, Ғылыми кеңестің немесе басқа да мүдделі тараптардың келісімі бойынша Басқарушы кеңес бекітеді.

16.3. Университет комитеті туралы ережені Басқарушы кеңес бекітеді.

16.4. Университет Президентінің шешімі бойынша Университеттің өзге де комитеттері құрылуы мүмкін.

17. Университеттік кеңес

17.1. Университет Президенті Университеттің стратегиялық және жедел жоспарлау мәселелері бойынша кеңесу мақсатында белгілі бір уақытта, бірақ жылына бір реттен кем емес, Университеттік кеңесті шақырады. Университеттік кеңес Университет Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

17.2. Университет Президенті Университеттік кеңестің төрағасы болып табылады. Университеттік кеңестің құрамына Басқарушы кеңестің мүшелері, Академиялық кеңес пен Ғылыми кеңестің барлық мүшелері, Университеттің барлық Вице-президенттері мен Университет Президенті белгілеген өзге де тұлғалар кіреді.

17.3. Университеттік кеңес туралы ережені Университет Президенті бекітеді.

18. Оқытушы-профессорлар сенаты

18.1. Оқытушы-профессорлар сенаты (бұдан әрі – Сенат) алқалық және жалпы академиялық басқару қағидаттарына сәйкес Университеттің оқытушы-профессорлар құрамының мүддесін білдіреді.

18.2. Сенат тәуелсіз консультативтік-кеңесші орган болып табылады және әрбір мектептен немесе оқытушылық қызметке қатысатын Университеттің басқа бөлімшесінен тағайындалған оқытушы-профессорлар құрамы мүшелерінен тұрады.

18.3. Сенаттың барлық басшылық лауазымдары Сенаттың қызмет ететін мүшелері санынан сайланады.

18.4. Сенаттың алғашқы құрылу тәртібі, қызметтері және құзіреті Академиялық кеңес бекіткен ішкі құжаттармен бекітіледі.

18.5. Сенат туралы ережені, оның ішінде мүшелерге қойылатын талаптар, олардың өкілеттік мерзімдері, шешімдер қабылдау тәртібі, Сенатқа

және оның басқарушы лауазымдарына кейінгі сайлану ережелерін Сенат бекітеді.

19. Студенттік үкімет

19.1. Университетте Университеттің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалары бойынша білім алушылардың қатарынан студенттік үкімет сайланады.

19.2. Студенттік үкіметті сайлау және оның қызметінің өзге мәселелерін реттейтін студенттік үкімет туралы ережені Студенттік істер жөніндегі вице-президенттің ұсынысы бойынша Басқарушы кеңес бекітеді.

20. Университеттің басқа органдары мен лауазымдары

20.1. Басқарушы кеңес Университеттің Вице-президенттерін қоспағанда, осы Жарғыға және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өз қалауы бойынша Университеттің басқа органдары мен лауазымдарын құра алады.

20.2. Қамқоршылық кеңестің комитеттерінің жанындағы органдар Қамқоршылық кеңестің шешімімен құрылады.

21. Академиялық қызметті ұйымдастыру

21.1. Университет білім беру қызметін лицензиясыз жүзеге асырады.

21.2. Университет өз бетінше әзірлеген білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ шетелдік әріптестердің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

21.3. Университетке оқуға қабылдау Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын оқуға қабылдау ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Университеттің оқуға қабылдау саясаты нәсілдік, ұлттық, діни, гендерлік және басқа да субъективті белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

21.4. Университетке оқуға қабылдау орта (жалпы орта, техникалық және кәсіби) және/немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың арасынан мамандар даярлауға берілген мемлекеттік білім беру тапсырыстарының (мемлекеттік тапсырма немесе мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың өзге де нысаны), сондай-ақ заңды және жеке тұлғалармен шарттардың негізінде жүргізіледі.

21.5. Университетте орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласындағы әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы білім беру бағдарламалары іске асырылады.

21.6. Университет Университеттің дайындық бөлімшесінде білім алушыларға білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

21.7. Оқытудың негізгі тілі ағылшын тілі болып табылады. Университет білім алушыларға мемлекеттік тілді оқытуды қамтамасыз етеді.

21.8. Университеттің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) қарым-қатынастары шартпен реттеледі. Шарттың нысанын Басқарушы кеңес бекітеді.

21.9. Университет ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.

21.10. Университетте білім алушылар Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университеттің ғылыми, білім беру және мәдени өміріне араласуға, Университеттің инфрақұрылымын, оның ішінде ғылыми зертханаларын, кітапханасын пайдалануға, жатақханада тұру үшін орын алуға құқылы.

21.11. Университетте білім алушылар таңдаған мамандығы бойынша тиісті білім мен дағдыларды меңгеруге, академиялық адалдық саясатын, Университет қызметінің ішкі тәртіптемесін сақтауға, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген білім алушылардың өзге де міндеттерін орындауға міндетті.

21.12. Университетте білім алушылар Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіптік ережелерді сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Білім алушылардың тәртіптік жауапкершілік мәселелері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қарастырылады.

22. Есептілік және аудит

22.1. Басқарушы кеңес жыл сайын Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудиті өткізілген өткен жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілікті Қамқоршылық кеңеске талқылау мен бекіту үшін береді. Қаржылық есептіліктен басқа, Басқарушы кеңес Қамқоршылық кеңеске аудиторлық есеп береді.

22.2. Университет жылдық қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін өткізуге міндетті.

22.3. Университеттің жоспардан тыс аудиті Жоғары қамқоршылық кеңес төрағасының бастамасы бойынша, Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша Университеттің қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

(22.3-тармақ Жоғары қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 2 қазандағы сырттай отырысының № 11 хаттамасына сәйкес жаңа редакцияда жазылды).

23. Қорытынды ережелер

23.1. Осы Жарғыға, оның ішінде оны жаңа редакцияда берудегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша енгізіледі.

23.2. Университетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

23.3. Осы Жарғының 6.26, 7.12, 8.4, 9.5 және 10.3-тармақтарына сәйкес берілген өкілеттік немесе құзырет басқа тұлғаларға немесе органдарға берілмейді.

23.4. Университетті тарату кезінде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік осы Жарғыда көрсетілген Университетті құру мақсаттарына бағытталады.
